



Жалағаш

Жаршысы



№46 (9829)

11 маусым,

сенбі

2022 жыл

Газет

1934 жылғы

10 қаңтардан бастап шығады.

ҚҰРМЕТ



ЖАС ТҮЛЕК

Жүлдегер Жапағат

Бүгінгі жас ұрпақ білімді болса, елдің келешегі кемел болары ақиқат. Себебі қай заманды алып қарасақ та қоғамның қозғаушы күші – жастар. Мемлекет жастарға барлық мәселеде қолдау білдіріп, мүмкіндік жасауда. Білім жүйесінде де гранттардың саны артып, шетелде білім алуына мол мүмкіндік бар. Көптеген жастар ұйымдары мен құрылымдары қызмет жасайды. Жыл сайын мыңдаған студент әлемнің үздік университеттеріне оқуға кетіп жатыр. Осының барлығы жастардың жаһандық дәуірде бәсекеге қабілетті мемлекеттің негізін қалауына жол ашады.

Ел ертеңінен үмітті

Референдум өтті. Тәуелсіз Қазақстан тарихындағы ең елеулі тарихи сәтте, сындарлы кезеңде жаңа Қазақстандағы оң өзгерістерді қалаған халық сайлауда жоғары белсенділікпен қатысып, бірауыздан дауыс беріп, өз таңдауын жасады. Ауданымызда орналасқан сайлау учаскелерінде келеңсіздіктер орын алған жоқ. Аудан тұрғындары Конституциялық референдумды бірауыздан қолдады. Бұл – өрине сайлау алдындағы үгіт-насихат, түсіндірме жұмыстарының өз дәрежесінде жүргізілгенінің нәтижесі.

Ауданда референдумды ұйымдастырып өткізу үшін құрамы 150 адамнан тұратын 1 аудандық, 26 учаскелік референдум комиссиясы жұмыс жасады. Сонымен қатар референдум күні учаскелерде қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақтылығын қамтамасыз ету және заңдылықты бақылау мақсатында 210 байқаушы және 10 мобильді капитан жұмылдырылды. Нәтижесінде сайлауға қатысуға құқығы бар аудан тұрғындарының 89,54 пайызы дауыс берді.

Апта басында аудан әкімі Асқарбек Есжанов референдумның қорытынды мәжілісін өткізді. Мәжіліске аудан әкімінің орынбасарлары, бөлім, мекеме басшылары, ауылдық округ әкімдері қатысты.

Өздеріңізге белгілі, наурыз айында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Жаңа Қазақстан Жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауында дамуымыздың жаңа бағдарламасын саяси реформалардың 10 бағытын нақтылап берген болатын. Ел жаңғыруының бастамасы ретінде 5 маусымда елімізде Ата заңымыз – Конституцияға өзгерістер енгізу бойынша республикалық референдум өткізілді. Президент Ата заңның 33 бабына

өзгеріс енгізуді халықтың еркіне берді. Жаңа Қазақстанды жаңғыртууды Президенттің Конституциядан бастауын барша қазақстандықтармен бірге Сыр жұртшылығы да өділеттіліктің нышаны ретінде қабылдап, Мемлекет басшысының бастамаларына сенім артып, қолдау білдірді. Бұл мызғымас бірлігіміздің, тату-тәтті тірлігіміздің, қазақы болмысымыз бен жарқын болашаққа деген халықтың зор сенімінің арқасы деп білеміз.

Өрине саяси шараны аудан бойынша жүзеге асуына, оны үйлестіруде мемлекеттік органдардың рөлі ерекше екенін атап өту қажет. Референдум жарияланған уақыттан аяқталғанға дейін ауданда көптеген жүйелі жұмыс атқарылды. Осыған дейін референдумды жоғары деңгейде өткізуге, референдум күні аудандағы саяси-ахуалды тұрақты ұстауға байланысты өздеріңізбен бірнеше рет кездесулер өткізілген болатын. Осының негізінде ақпараттарды жаңалау және қайта қалыптастыру, референдум учаскелерін жарактандыру, сайлаушылар тізімін нақтылау, мүмкіндігі шектеулі жандарға қолайлы жағдай жасауға қатысты және наразы тұлғалар және

белделді азаматтармен жұмыстар ұйымдастырылды. Осы жұмыстарды ұйымдастыруға менің орынбасарларым мен аппарат басшысынан бастап, кент, ауылдық округ әкімдері, бөлім басшылары мен қызметкерлері, кәсіпкерлер, аудан ардагерлері, білім, мәдениет, спорт, медицина саласының қызметкерлері жоғары деңгейде атсалысты. Бұдан бөлек аудандағы қоғамдық-саяси ахуалды, тәртіпті, тұрақтылығын, қауіпсіздікті сақтауда және төтенше жағдайлардың алдын алып, қырағылық танытқан аудандық полиция, төтенше жағдайлар бөлімдерінің еңбегін айту қажет. Сонымен қатар референдум күні халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін (ауыз су, жарық, газ, интернет) салалар да үздіксіз режимде жұмыс атқарды. Ауданда ақпараттық-насихаттық жұмыстардың жоғары дәрежеде жүргізілуіне белсенді түрде атсалысқан қоғамдық штаб төрағасы мен мүшелерінің, зиялы қауым өкілдерінің, белсенді жастардың еңбегі орасан зор. Аудандағы 20 719 сайлаушының тоқсан пайызға жуығының республикалық референдумға белсенді қатысуына атсалысқан кент, ауылдық округ әкімдеріне, барлық мекеме басшыларына және

сайлаушыларға сапалы қызмет көрсеткен аумақтық, учаскелік референдум комиссия төрағалары мен мүшелеріне алғысымды білдіремін, – деді Асқарбек Темірбеқұлы.

Мәжіліс барысында бірқатар азаматтар аудан әкімінің алғыс хатымен марапатталды. Расында еліміздің саяси өзгерулер кезеңіндегі тарихи сәтте халық үмітін маздатып, жаңа Қазақстанның көкжиегін айқындауда марапат иелерінің өткен еңбегі зор. Осы орайда аудандық алқа билер кеңесінің төрағасы Кенжеғара Сүлейменов референдумның нәтижесінен халық көп үміт күтетінін және елімізде жасалып жатқан оң өзгерістер мемлекетімізді жарқын көлешекке, нұрлы өмірге бастайтынына сөздері.

Мәжілісті аудан басшысы қорытындылады.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Біз бәріміз бір ел болып Жаңа Қазақстанды, Әділетті Қазақстанды құрамыз. Әрбір азаматтың құқығы қорғалатын мемлекет боламыз. Бәріне бірдей мүмкіндік береміз. Әркім қарым-қабілетіне сай қоғамнан өз орнын иеленеді. Халықтың ой-санасы жаңғырып, өмір салты өзгереді. Осылайша Екінші Республикамыз қалыптастырамыз» дегенін білесіздер. Бұл – мемлекетті өркендетудің алдындағы түбегейлі өзгерістерге бағыттайтын айырықша саяси маңызды қадам. Осы сәтті пайдаланып, референдум өткізуге белсенділік танытқан өздеріңізге және сіздер арқылы аудан халқына аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекулының ерекше ықыласын жеткізім келеді. Жаңа Қазақстанды бірге құру жолында бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, халық алдында қызмет жасау – азаматтық парызымыз әрі борышымыз. Осы жолда бірігіміз бекем, ынтымағмыз берік болсын, – деді Асқарбек Есжанов.

Қуат АХЕТОВ



Жалпы Жалағаш жері – талай талантты тудырған киелі мекен. Әсіресе біз білім саласына келгенде жалағаштық жастардың жетістігін ауыз толтырып айта аламыз. Себебі аталған саланың жемісті жұмысы да, білім бәйгесінен жүлде алып, аудан мерейін асырып жүрген өрендер де жетерлік. Бастысы саладағы жаңашылдыққа деген ұмтылыс пен жастардың білім алуға деген ыждағаттылығы көңіл қуантады. Осындай игі жаңалықты есетбатырлық Қарақат та естірткен еді. Жуырда ғана білім бәйгесінде үздіктер қатарынан көрінген жерлесіміз жеңіс сыйлаған байқауда үш кезеңнен өтті. Өзімен байланысқанымызда Қарақаттың білімге деген құштарлығын, ерекше ынта-ықыласын байқадық.

Есет батыр ауылындағы №124 орта мектептің бітіруші тұлғе Қарақат Амангелді 5 сыныптан бастап-ақ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен пәндік олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындарды иеленіп келеді. Пән мұғалімі Зухра Тоқшылықова мен сынып жетекшісі Ақмарал Ермаханованың еңбегі орасан. «U-Study» ЖШС және Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті 11-12 сынып оқитын мектеп бітірушілерінің арасында IX республикалық «Яссауи» олимпиадасын өткізген. Республикалық «Яссауи» олимпиадасының басты мақсаты – оқушылардың интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін айқындау, білімге деген қызығушылығын арттыра отырып, дарынды балаларды қолдау болатын. Байқау шарты бойынша IX республикалық «Яссауи» олимпиадасының жеңімпаздарына 100 университет гранты берілетіні хабарланған. Аталған байқау үш кезең бойынша ұйымдастырылып, барлық аймақтан үміткерлер бақ сынаған. Байқаудың алғашқы іріктеу кезеңінде қатысушылар онлайн режимінде тест тапсырды. Тест «Қазақстан тарихы» және «Математикалық сауаттылық» пәндері бойынша өткен. Мұнда оқушылар 100 тапсырма бойынша жарысты. Келесі кезеңге өту үшін 100 тапсырманың 50-ін орындау керек болған.

Іріктеу кезеңінде дараланған Қарақат екінші кезеңінде офлайн режимінде «U-Study» аймақтық тестілеу орталығында сынаға түскен. Бұл кезеңде де үміткерлер 100 тапсырма орындап шыққан. Онан өткендері үшінші кезеңге жолдама алып, шығармашылық, дарындылық, ғылымилық және танымдық қасиеттерін айқындау мақсатында жүлделі орындарға таласқан болатын. Мұнда оқушылар Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің тарихымен, миссиясы және құндылықтарымен танысу мақсатында бейнеролик дайындаған. Бейнекөрсетілімінің атауы «Неге мен Яссауи университетінің грантына лайықпын?» деген тақырыпта болды. Барлық қатысушының бейнекөрсетілімдері кеңінен талқыланып, тақырыпты ашудағы, ерекшеліктері және анықтығы мен техникалық талаптарға сай болуы ескерілген.

Байқаудың үш кезеңінде де топ жарып, өзінің бәсекеге қабілеттілігімен, білімге деген ынта-ықыласымен ерекшеленген жерлесіміз, есетбатырлық Қарақат Нұрболқызы «U-Study» ЖШС және Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті ұйымдастырған 11-12 сынып оқитын мектеп бітірушілерінің арасында IX республикалық «Яссауи» олимпиадасының жеңімпазы атанған. Бір қуантарлығы, жоғарыда атап өткеніміздей бұл жеңіс Қарақат үшін бірінші емес. Жас жеткіншек бұған дейін де ғылыми олимпиадалардың, түрлі жарыстардың жеңімпазы атанып келеді. Сондай-ақ билығы бітіруші тұлға – мектептің үздік аттестат иегері.

Бүгінгі таңда Қарақат Амангелді білім-білігін одан әрі шыңдау үстінде. Болашақта өзі қалаған мамандығы бойынша жоғары білім алып, қоғамға пайдалы азаматтардың бірі болғысы келеді. «Мақсатым – білім алу, сол алған білімді елдің дамуына жұмсау және қоғамға пайдалы білікті маман атану» деген дарынды жастың талабы таудай екені көрініп-ақ тұр.

Нұржамилла АЛМАСҚЫЗЫ

ЕГІНЖАЙ – 2022

«Ақ Бостай» шаруа қожалығы ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруден ауданымызда алдыңғы қатардан көрініп келеді. Аталған шаруашылық биыл Ақсу ауылдық округі бойынша 250 гектар жерге күріш дақылын орналастырып отыр. Сонымен бірге «Ақ Бостай» учаскесінен 10 гектар жер ашып, кент тұрғындарына және шаруашылық жұмысшыларына бау-бақша дақылдарын егуге үлестіріп берді. Соқа-саймандарын ерте көктемнен сайлап отырған тұрғындар өздеріне тиесілі жердің басына қостарын тікті. Тыңнан түрен түскен жерге тұқым тастаған тұрғындар биыл картоп, сәбіз, жуа және басқа да бақша дақылдарын базардан сатып алмайтындарына сенімді. Тек енді ол диқанның тынымсыз еңбегі мен жерді баптауына байланысты.



“Ақ Бостайдың” асуы алда

– Аграрлы мемлекеттерде жердің құнарын сақтап, аяқ суды үнемдеп, тиімді пайдаланудың тәсілі ретінде егістікті өртарапандыру тәжірибесі бұрыннан бар. Бұл дәл қазіргі су ташшылығы туындап отырған жағдайда бізге де қажет және оны жүзеге асыруға тиіспіз. Тіпті соған мәжбүрлік туындап отыр. Сондықтан биыл жаңадан жер ашып, егін егіп, бақша салуға ынтылау тұрғындарға тіршілік істеуге мүмкіндік жасадық. Аяқ су жарамды. Тек енді күтіп-баптаса, мол өнім алады деген сенімдіміз. Жалпы егін шаруашылығына білек сыбана кіріскен кез келген адам ең алдымен сол шаруаны қыр-сырын жетік біліуі тиіс екен. Яғни мол өнімнен үмітті адам агрономия саласынан хабары бар диқан әрі мұрап болуы керек. Сонда аяқ су да үнемделеді, жеріміз де тозып кетпейді. Бастысы, жер иесінде өзі өнім алып отырған алпақша деген жанашырлық сипаттағы жауапкершілік болады. Өйткені ол жерлерді елу жылдан кейін біздің ұрпағымыз пайдаланады. Сол кезде жарамсыз болып қалмауы керек. Сол үшін біз қазірде егістік жерлерді тыңайту және суды үнемдеу мақсатында жоңышқа мен мақсарының көлемін арт-

тыруды көздеп отырмыз, – дейді «Ақ Бостай» фермер қожалығының төрағасы Абай Боранқұлов.

Аталған шаруашылық жылдан-жылға кеңейіп келеді. Техникалық базасы жаңаланып, ауыл шаруашылығына қажетті техникалар алып, жұмыс сапасын жақсартып, өнімділігін арттырып отыр. Абайдың айтуынша, биыл «Ақ Бостай» мен «Бостай» учаскелеріне 1000 гектарға жуық күріш, жоңышқа егілген. Қажетті тыңайтқыштары жеткілікті мөлшерде беріліп, екінші мәрте суға бастырылған Сыр салысының шығымы биыл да жақсы көрінеді. Атыздарда жайқалып пісіп тұрған балауса жоңышқаға да тағуда орақ түскелі тұр.

Қазірде ауданымызда егін шаруашылығымен бірге мал шаруашылығы да кең қанат жайып келеді. Халқымыздың ата кәсібін қолға алып, төрт түлік өсіріп, одан көл-көсір өнім алудан ынтылау топтық қатары жыл сайын артауда. Оған мемлекет тарапынан да арнайы бағдарламалар өзіндік, жан-жақты мүмкіндіктер жасалып отыр.

Алайда Абай Боранқұлов айтпақшы, мал өсіруге де қолайлы жағдай керек.

Алдымен шұрайлы жайылымдық, шабындық жерін кең өрісін жайлы қорасын сайлап алмаса, өткен еңбек зая кетеді. Жоғарыда айтқандардың барлығы талапқа сай болғанда ғана мал басын көбейту, мақсатына қарай тұқымын асылдандыру жұмыстары басталады. Бұл жерде мал шаруашылығын бекерге қыстырып отырғанымыз жоқ. Сол өсіріп отырған төрт түлікті қолға ұстайтын түрлеріне қысы-жазы жем-шөп керек. Ал мал азығының ішіндегі ең нәрлісі де, құнарлысы да – жоңышқа. Қай жылдары еліміздің батыс облыстарын қуаныштық жайлап, жүт болғанда жоңышқаның бір бауы 2000 теңгеге дейін көтерілді. Тіпті өзіміздің ауданның халқы сатып алатын жоңышқа тапнай қиналып қалды.

Сондықтан «Ақ Бостай» шаруашылығының егістікті өртарапандыруға мән беруі және жоңышқалық алқаптардың көлемін арттыруда мақсат етіп отырғаны да қуана құптарлық жайт. Егін шаруашылығына бөлек «Ақ Бостайда» мал шаруашылығы да дамып келеді. Қазіргі уақытта шаруашылықтың 1000 гектар жайылымдық жерінде 50 бас аналық сиырдың жыл сайын басы көбеюде.

Шаруашылық құрылғалы Абай Боранқұлов еңбек озаттарына жалпы саңы 7 жеңіл автокөлік кілтін сыйға тартқан. Сонымен бірге ауылдың, ауданның абыройын асқататын жүрген ауыл жастарын спорттық киімдермен қамтамасыз етіп келеді. Ақсу ауылдық «Асыл өкелер» ансамбли және ауыл ардагерлерін киелі Түркістан жеріне саяхаттауға және Жаңақорған, Қоқшетау қиыртық аймақтарына демалысқа жіберуге қаржылай демеушілік жасап отыр.

2021 жылы Абай Боранқұловтың басшылығымен «AB-AGRO ORDA» ЖШС құрылып, Ақсу ауылдық округі бойынша жалпы көлемі 800 гектар жерге күріш, жоңышқа, мақсары дақылдары егілді. Осы аталған 2 шаруашылықта жетпіске жуық ауыл азаматы тұрақты жұмыс істейді. Абай Боранқұловтың билеуі жеке қаражаты есебінен Ақсу ауылынан жұба қоны 200 миллион теңгеге құрайтын күріш ақтау зауыты мен жем өңдеу цехын іске қосуды жоспарлап отыр.

Қуат АДИС

